

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚОРШАҒАН ОРТА ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№_2_ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

26.12.2025 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы – PhD, доцент Г.Б.Тойчибекова, АК мүшесі, академиялық персонал – х.ғ.к., доц.м.а. Қ.Т.Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD, проф.м.а. Н.Ә.Әбдімүтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал – магистр оқытушы К.Басшова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – К.К. Бейсенбаев, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Б.Бегім.

Күн тәртібі:

1. Әр ББ өзіндік бағалау жүргізу:
 - Атамекен рейтингісіне қажетті құжаттарды дайындау;
 - соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
 - Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
 - жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
 - сауалнамалар білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың нәтижелері;
 - білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
 - түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері.
2. ББ аудитін жүргізу және алынған нәтижелер бойынша шешімдер қабылдау.
3. Қараша-Желтоқсан айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.: 6B05247 «Экология» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» ұйымдастырған 2025 жылғы Білім беру бағдарламалары рейтингінде жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, рейтинг бойынша 12-ші орынға ие болды. Бұл рейтинг еліміздегі жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын еңбек нарығындағы сұраныс пен сапа көрсеткіштері бойынша бағалайды және білім беру сапасын объективті талдаудың нәтижесі ретінде жарияланады. 6B05247 «Экология» білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық «Атамекен» рейтингісінің критерийлері мен олардың үлес салмақтары бекітілген әдістемеге сәйкес айқындалды. Атап айтқанда, «Түлектердің мансаптық болашағы» блогының үлес салмағы 49,0%-ды құрап, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі, жұмыс іздеу ұзақтығы және медиандық жалақы көрсеткіштерін қамтыды. «Білім беру бағдарламасының сапа көрсеткіштері» блогы 24,0% үлес салмақпен білім беру бағдарламасын әзірлеу және жұмыс берушілермен келісу, профессор-оқытушылар құрамының практикалық жұмыс тәжірибесі мен жетістіктері, білім беру бағдарламасының аккредиттелуі және мазмұнын бағалау критерийлері бойынша бағаланды. «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» блогының үлес салмағы 16,0%-ды құрап, академиялық ұтқырлық, білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары, магистратурада/резидентурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі, білім беру бағдарламасына түскен талапкерлердің ҰБТ орташа балы және шетелдік студенттердің үлесі көрсеткіштерін қамтыды. «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» блогы 11,0% үлес салмақпен студенттер мен оқытушылардың арақатынасы, дәрежелі оқытушылардың үлесі, бір студентке шаққандағы шығындар көлемі және ПОҚ медиандық жалақысы

критерийлері бойынша есепке алынды. 6B05247 «Экология» білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық «Атамекен» рейтингісіне қатысу үшін қажетті құжаттар бекітілген нұсқаулыққа сәйкес дайындалды. Құжаттар түлектердің санаттары бойынша (бала күтімі/декреттік демалыстағы түлектер, мүмкіндігі шектеулі түлектер, мерзімді әскери қызметке шақырылғандар, шетелде білім алатын немесе жұмыс істейтін түлектер, шетелдік түлектер, магистранттар, ересек жастағы түлектер, күш құрылымдарының қызметкерлері) растайтын құжаттармен толық қамтылды. «Түлектердің мансаптық болашағы» блогы бойынша рейтингке енгізілмейтін санаттар белгіленген талаптарға сәйкес есепке алынды. «Түлектердің мансаптық болашағы» блогы аясында көрсеткіштерді қалыптастыру бекітілген әдістемеге сәйкес жүзеге асырылды. Атап айтқанда, тұрақты жұмыспен қамту (қатарынан кемінде 3 ай тұрақты зейнетақы аударымдары бар түлектердің үлесі), жұмысқа орналасу деңгейі (бакалавриаттың күндізгі бөлімін аяқтаған түлектердің жұмысқа орналасқан пайызы), медиандық жалақы (оқуды аяқтағаннан кейінгі түлектер табысының медиандық мәні, өңірдің ең төменгі күнкөріс деңгейімен салыстыра есептелген), сондай-ақ жұмыс іздеу ұзақтығы (ЖЖОКБҰ-дан шығарылған сәттен бастап алғашқы тұрақты зейнетақы аударымдарына дейінгі кезең) көрсеткіштері есепке алынды. Сонымен қатар, шартты жұмыспен қамту көрсеткіші есептік кезеңдегі алғашқы екі үздіксіз зейнетақы аударымдары негізінде айқындалды. Есептеулерде белгіленген есептік кезең үшін тұрақты және тұрақты емес негіздегі зейнетақы аударымдары толық қамтылды. «Атамекен» рейтингісінің «Білім беру бағдарламасының сапа көрсеткіштері» блогы аясында бағалау бекітілген әдістемеге сәйкес жүргізілді. Білім беру бағдарламасын әзірлеу және жұмыс берушілермен келісу көрсеткіші жұмыс берушілердің қатысуымен, олардың қажеттіліктері мен ұсыныстарын ескере отырып қалыптастырылды және 2023–2024 оқу жылына арналған ББ (2024–2025 оқу жылында өзгермеуіне байланысты), ЭПК және сараптамалық тұжырымдар мен сауалнамалық құжаттарымен расталды. ПОҚ сапасы көрсеткіші тиісті сала бойынша соңғы 15 жылдағы (кемінде 12 ай) практикалық жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар туралы бекітілген үлгідегі анықтамалар негізінде есепке алынды. Білім беру бағдарламасын аккредиттеу көрсеткіші ұсынылған ББ бойынша қолданыстағы мамандандырылған аккредиттеу сертификаттарымен расталды. ББ мазмұнын бағалау жұмыс оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына тәуелсіз сарапшылардың бағалары негізінде жүзеге асырылды. Сонымен қатар, ПОҚ жетістіктері республикалық және халықаралық деңгейде танылған, соңғы 10 жылда «ЖОО үздік оқытушысы» және «Үздік ғылыми қызметкер» атақтарын алған штаттық оқытушылар үлесі арқылы айқындалды. Барлық көрсеткіштер бойынша тек талаптарға сай келетін және тиісті растайтын құжаттармен қамтамасыз етілген материалдар есепке алынды. «Білім беру бағдарламасының жетістіктері» блогы шеңберінде көрсеткіштер бекітілген әдістемеге сәйкес қалыптастырылды. Атап айтқанда, магистратурада оқуды жалғастырған түлектердің үлесі ЖЖОКБҰ-дан берілген анықтамалар мен оқуға түсу туралы бұйрықтар негізінде есепке алынды. Академиялық ұтқырлықпен ешқандай студенттердің бармауына байланысты, бұл мәліметтер толтырылмады. Шетелдік студенттердің үлесі қабылдау туралы бұйрықтар мен студенттердің төлқұжаттарының сканерленген көшірмелері негізінде айқындалды. Білім беру бағдарламасына түскен талапкерлердің ҰБТ/КТ орташа балы 2024–2025 оқу жылына бакалавриаттың күндізгі бөліміне қабылданған талапкерлердің деректері бойынша есептелді. Сонымен қатар, білім алушылардың ғылыми-кәсіпкерлік бастамалары болмағандықтан есепке алынбады. 6B05247 «Экология» білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық «Атамекен» рейтингісінің «ЖЖОКБҰ жалпы көрсеткіштері» блогы шеңберінде деректер бекітілген әдістемеге сәйкес қалыптастырылды. Атап айтқанда, медианалық ПОҚ жалақысы 2024 жылғы тамыздан 2025 жылғы шілдеге дейінгі кезеңдегі штаттық профессор-оқытушылар құрамының еңбекақысы негізінде есептелді. Студенттер мен оқытушылардың арақатынасы білім алушылар саны мен штаттық ПОҚ санының арақатынасы арқылы айқындалды. Білім беру бағдарламасы бойынша дәрежелі оқытушылардың үлесі ғылым және жоғары білім

Google Chrome не является браузером по умолчанию.

Almaty Ranking

[Главная](#)
[О нас](#)
[Методология](#)
[Результаты](#)
[Университеты](#)
[Администрация](#)
[Аналитика](#)
[Контакты](#)

Итоги рейтинга 2025

Код и наименование учебного заведения		Наименование учебного заведения		Место в рейтинге	Оценочный балл
Учебное заведение	Специальность	Учебное заведение	Специальность	Рейтинг	Балл
Б011 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Экономика	1-20	3,732
Б021 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Экономика	1-20	3,475
Б031 Университетский колледж	Экономика	Восточно-Казахстанский университет имени С. Сейфуллина	Восточно-Казахстанская область	1-20	3,394
Б041 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	4-20	3,294
Б051 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	5-20	3,158
Б061 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	6-20	3,101
Б071 Университетский колледж	Экономика	Восточно-Казахстанский университет имени С. Сейфуллина	Восточно-Казахстанская область	1-20	3,061
Б081 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	8-20	3,038
Б091 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	9-20	3,041
Б101 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	10-20	3,041
Б111 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	11-20	3,041
Б121 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	12-20	3,041
Б131 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	13-20	3,041
Б141 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	14-20	3,041
Б151 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	15-20	3,041
Б161 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	16-20	3,041
Б171 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	17-20	3,041
Б181 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	18-20	3,041
Б191 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	19-20	3,041
Б201 Университетский колледж	Экономика	Технологический университет имени С. Сейфуллина	Астана	20-20	3,041

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университетінің 6B05247 «Экология» білім беру бағдарламасы соңғы жылдарда ҚР ҰҚП «Атамекен» өткізген білім беру бағдарламалары рейтингтеріне жүйелі түрде қатысып келеді. 2024 жылы бағдарлама 32 қатысушы бағдарламадан 17-ші орынға ие болып, жоғары деңгейде көрсеткіштерге ие екенін дәлелдеді. Атамекен Рейтинг 2025 жылғы рейтинг нәтижесі бойынша 28 бағдарламадан 12-ші орынға көтеріліп, оның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі мен білім беру сапасының жоғары деңгейі байқалады. Бұл динамика оқу процесінің, практикалық бағыттың және түлектердің нәтижелерінің жақсарғанын көрсетеді, әрі рейтингке қатысу тәжірибесі артып отырғандығын айғақтайды.

[illegible]

6B05247 «Экология» және 7M05223 «Экология» білім беру бағдарламалары қазақстандық және шетелдік жетекші университеттермен бірлескен ғылыми жобалар, конференциялар және академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша тұрақты ынтымақтастық жүргізеді. Бағдарлама жұмыс берушілер, мемлекеттік құрылымдар және бизнес өкілдерімен бірлескен жобалар, тағылымдамалар мен оқу бағдарламаларының мазмұнын келісу арқылы тығыз байланыста жұмыс істейді. Сауалнамалар көрсеткендей, студенттер мен түлектер оқу процесіне және жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне қанағаттанған, ал жұмыс берушілер мен басқа мүдделі тараптар бағдарламаның кәсіби дайындық пен практикалық бағыттарын жоғары бағалады.

АК мүшесі, академиялық персонал Баешова К.: 6B05247 «Экология» білім беру бағдарламасына соңғы жылдары үміткерлердің саны тұрақты түрде 40%-ға артқан, қабылданған студенттердің сапалық көрсеткіштері де (ҰБТ/КТ балдары) жоғарылаған, алтын белгімен түскен студенттерді есепке алғанда. 6B05247 «Экология» және 7M05223 «Экология» білім беру бағдарламаларына түскен білімгерлердің контингенті еңбек нарығы мен академиялық талаптарға сәйкес іріктелген. Бағдарлама түлектері еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болып, жұмысқа орналасу деңгейі тұрақты түрде жоғарылады.

АК мүшесі, академиялық персонал Сарбаева Қ.Т.: 6B05247 «Экология» білім беру бағдарламасы бойынша ішкі аудит жүргізілді, нәтижелері оқу бағдарламасының сапасын, практикалық бағыттарын және түлектердің еңбек нарығына сәйкестігін бағалауға мүмкіндік берді. Аудит қорытындылары негізінде бағдарламаны жетілдіру, оқу жоспарларын жаңарту және практикалық дағдыларды күшейту бойынша нақты шешімдер қабылданды.

АК төрағасы Тойчибекова Г.Б.: Құрметті АК мүшелері 6B05247-Экология және 7M05223-Экология оқу бағдарламаларының материалдары ішкі аудиттің құжаттар дайындығын тексеру нәтижесінде көрінетін болады. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен» ұйымдастыратын жыл сайынғы рейтингінің алдыңғы орындарға ие болудың мүмкіншіліктерін қайта карап, сараптама жүргізу, білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламасын күшейтуді қарастыру қажет. Бакалавр және магистратура деңгейіндегі түлектердің жұмысқа орналасуы бойынша талдау жұмыстарын жүргізу керек.

Шешім: Кадр даярлау нарығына талдау жүргізілсін; институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебі 6B05247-Экология және 7M05223-Экология оқу бағдарламалары бойынша әзірленсін.

Мәжіліс төрағасы:

Г.Б.Тойчибекова

Хатшысы:

Н.Ә.Әбдімүтәліп